

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 4000 (1915-XII). Күші жойылды - Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 22 ақпандағы N 528 Заңымен.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z933000_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.
2. 1972 жылғы 21 шілде Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР-інің Еңбек туралы заңдар кодексінің "Еңбекті қорғау" деген XI тарауының күші жойылды деп танылсын (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1972 ж., N 31, қосымша; 1980 ж., N 24; 1983 ж., N 46, 500-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат; 1988 ж., N 27, 277 - құжат).
3. Алда Қазақстан Республикасының заңдары "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірілгенге дейін олар осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.
4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
 - Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің "Еңбекті қорғау туралы" Заңға сәйкес келтірілуін;
 - Заңға сәйкес келмейтін немесе қайшы келетін нормативтік актілерді қайта қарап, күшін жоюды;
 - осы Заңнан туындайтын тиісті нормативтік актілерді әзірлеп, бекітуді;
 - "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын практикалық іске асыру механизмін қамтамасыз ететін тиісті бағдарламалар мен шаралар кешенін әзірлеуді қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

